# Таңдаған мамандығыңның адам өміріндегі маңызы

Мамандық – біздің жарқын болашаққа апаратын қадамдарды айқындау үшін жасалатын таңдау. "Алғашқы қадамың" қалай басылса, тағдыр торабы сол жаққа бастайды. Сол жолды таңдаудан кейін кетіп тағдыр торабында өз жолын таппай жүргендер жетерлік. Құлықсыз, міндетті түрде қызметін атқарып жүргендерге қарап "мамандық таңдауда қателеспеу керек" деген ойға қаласың. Ал біз таңдаған мамандық адам өмірінде қаншалықты маңызға ие?

Бұл шығармаға арқау етіп отырған мәселе мектеп жасындағы жасөспірімдер үшін басты мәселенің бірі. 9 жылдық үздіксіз біліммен кейін, буыны қатпаған жасөспірімнің оқуға түсуі әсте оңай емес. Мектептің оқушысы болып, қытымыр қосымтаяуынан ауытқып, оқуға ерте түсіп кеткісі келетіндер саны жыл сайын өсуде. Бұл шалағайлықтың арты жұмыссыздыққа, әрі санасы пісіп жетілмеген оқушы үшін қиындыққа жетеп соғуы мүмкін. Таңдаған мамандығының маңызын ескермей жатып, оқуға түсу жеттек деп есептейтін. Өйткені әрбір мамандық адам өмірінің кірпішін қалайды.

Осы тұста "таңдаған мамандығым адам өмірінде қаншалықты маңызға ие?" деген өзіндік сауал қоя білуіміз қажет. Таңдауың жан дүниеңе сай келсе, атыңа да, затыңа да


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ